

Теректі ауданы бойынша 2013 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 мамырдағы № 162 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 маусымда № 3300 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 148 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 30.04.2014 № 148 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, еңбек рыногындағы жағдай мен бюджет қаражатына қарай, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Теректі ауданы бойынша 2013 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) алты айдан жоғары уәкілетті органда тіркелген жұмыссыздар;
- 2) елу жастан асқан жұмыссыз азаматтар;
- 3) ұзақ уақыт жұмыс істемеген адамдар (бір жыл және одан да көп);
- 4) отбасында бір де жұмыс істеуші жоқ тұлғалар;
- 5) уақытша және маусымдық жұмыстарға қатысқан тұлғалар;
- 6) бұрын жұмыс жасамаған тұлғалар (бірінші рет жұмыс іздеушілер).

2. "Теректі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Б р а л и е в к е жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Сериккалиев